

Бүгін 30.01.2025ж «Ақ ниет» мектеп-интернатының 5 топ тәрбиеленушілерімен «Ұшқыр ой алаңы» интеллектуалдық ойын тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде, балалардың ұлттық құндылықтар туралы білімдерін жинақтап, тереңдету. Ойын 4 айналымнан тұрды: «Ұшқыр ой», «Жұмбақтар алаңы», «Ертегі әлемінде», «Айшықты сөздер». Тәрбие сағаты барысында АКТ мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. Балалардың қызығушылығын ояту, тәрбие сағатының тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект пайдаланды. Балалар сабаққа белсенді қатысып, нәтижеге табандылықпен қол жеткізуге тырысты. Олар тапсырмаларды мұқият орындап, толықтай жауап беруге талпынды. Сабақ барысында балаларда еңбекқорлық, бір-біріне құрметпен қарау, мақсаттылық, жауапкершілік қасиеттері тәрбиеленіп, ұштала түсті. Балалар бірінші минуттан бастап іс-әрекетке кірісіп, белсенділіктерін соңына дейін жоғалтпады.



31.01.2025 ж "Ақ ниет" мектеп - интернатының 1ә сынып тәрбиеленушілері мен бірлескен "Отбасы құндылықтары" атты ашық тәрбие сағаты өтті. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін, тіл байлығын және өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу барысында асық нейро жаттығуы, секірмек ойыны, күй, асықтар әуені тәрбие сағатының құрылымына кірістірілді. Пазл құрастыру ойынының тапсырмалары әліппе және математика сабақтарымен байланысты болды. Тәрбие сағаты балаларға өте ұнады, белсенді қатысып отырды.



31.01.2025г прошел воспитательский час на тему «МАРАФОН ПРОФЕСИЙ» с учащимися 2 класса



Бүгін 03.02.2025 ж "Ақ ниет" мектеп-интернатының 7 топ тәрбиеленушілерімен "Дос болайық" тақырыбында ашық тәрбие сағатымыз өтті. Тәрбие сағатының барысында достықтың өміріміздегі маңызы мен рөлін тағы бір рет атап өттік. Біз достықтың не екенін, оның ерекшеліктері мен құндылықтарын талқыладық. Достар – біздің өміріміздің жарқын сәттерін бөлісетін, қиыншылықтарда қолдау көрсететін адамдар. Достық бізге қуаныш, сенім, және тыныштық береді. Біз достарымызбен қарым-қатынасымызды қалай жақсартуға болатындығы туралы сөйлестік. Сөздеріміз бен әрекеттеріміз арқылы бір-бірімізге қолдау көрсету, шынайы болу және түсіністікпен қарау – достықтың негізі. Достық туралы мульт бейне фильмінің кейіпкерлері арқылы алынған мысалдар арқылы біз достықтың әртүрлі қырларын көрдік. Тәрбие сағатының барысында өткізілген ойындар мен жаттығулар достарымызбен қарым-қатынасты нығайтуға көмектесті. Тәрбие сағатының соңында, достық – бұл тек сөз емес, ол шынайы сезім мен әрекеттердің жиынтығы екенін түсіндік. Достарымызды қадірлейік, оларға қолдау көрсетейік және әрдайым шынайы болайық!



3.02.2025 года прошел открытое занятие с учащимися 3 «а» класса на тему «инструкция по правилам безопасности в общественном транспорте, правила поведения пешехода на дороге»



4.02.2025г прошел воспитательский час на тему «ТРУД КРАСИТ ЧЕЛОВЕКА» с учащимися 2 класса



04 февраля прошёл открытый воспитательный час на тему "Будь здоров!". В ходе занятия дети узнали о здоровом образе жизни и профилактики гриппа и ОРВИ. Провел педагог-воспитатель Горелова Е.В. В занимательной форме были представлены ключевые аспекты поддержания здоровья, такие как правильное питание, физическая активность, и гигиенические привычки



Бүгін 05.02.2025 ж "Ақ ниет" мектеп-интернатының 5 топ тәрбиеленушілерімен "Мамандықтар әлемі" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

Мамандықтар әлемі - бұл әр адамның өмірінде маңызды рөл атқаратын, ерекше шеберліктер мен білім талап ететін қызықты сала. Бүгінгі күнде мамандықтарды таңдау балалар үшін үлкен жауапкершілік болып табылады. Әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Балардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Мамандықтар туралы көзқарасын дамытып, алдағы уақытта заман талабына сай дұрыс мамандық алу үшін бағыт - бағдар берілді



Ақ ниет мектеп- интернатында «Спорт біздің серігіміз» эстафеталық сайыс тақырыбында тәрбие сағаты өткізіледі. Бұл балаларға спорттың маңыздылығын, оның денсаулыққа, рухани және физикалық дамуға тигізетін әсерін көрсетуге бағытталған.

- тәрбиешілер оқушыларға спорттың денсаулық үшін пайдалы екендігін түсіндіреді.
- Спорттың адамның рухани және физикалық дамуына ықпалы тигізуде.
- Оқушыларға спорттың әртүрлі түрлері таныстырылады және ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Өте қызықты және көңілді өтті, балалар белсенді қатысып, өз күш- жігерліктерін танытты.

